

## 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № А-11/427 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қарашада № 6193 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Жарқайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Жарқайың ауданы әкімдігінің "2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" 2017 жылғы 24 қаңтардағы № А-1 /98 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5760 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне 2017 жылдың 28 ақпанында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ.Әлжановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданы  
әкімінің м.а

Д.Шәкіров

Жарқайың ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы "10" 11  
№ А-11/427 қаулысымен  
бекітілген

## 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына
--	-----------------------------------	-------------------------------------	---

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		шығындардың орташа құны (теңге)		ата-ананың төлемақысының мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1.	Балабақша	-	-	-	-	-	-
2.	Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	220	0	19564	0	6600	0
3.	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	7	0	9782	0	3300	0

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»  
Министерства юстиции Республики Казахстан